

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 165 -ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.11.24. N 344 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 26 сәуірдегі N 120-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 м а у с ы м д а ғ ы
N 1 6 5 ө к і м і м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында Міндеттерді бөлу

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Д.К.Ахметов

Үкіметтің қызметіне басшылық жасау.

Қазақстан Республикасының Президентімен, сондай-ақ Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да конституциялық органдармен қатынастарда Үкіметтің атынан өкілдік ету.

Мемлекетаралық қатынастар мен халықаралық ынтымақтастық мәселелері.

Экономикалық және қаржы саясаты, қорғаныс, құқықтық тәртіп, мұнай-газ секторын дамыту мәселелері.

Үкіметтің заң шығару қызметін үйлестіру.

Республикалық бюджет комиссиясының және Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің жұмысына басшылық жасау.

Үкіметтің кадр мәселелері.

Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттіктің (қаржы полициясы), Кедендік бақылау агенттігінің қызметін жалпы бақылау.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
Б.С.Әйтімова*

Әлеуметтік даму, ұлтаралық қатынастар, Денсаулық сақтауды реформалау және дамыту мемлекеттік бағдарламасын, Білім берудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мәселелері.

Әлеуметтік әріптестік мәселелері, Республикалық үш жақты комиссияға б а с ш ы л ы қ ж а с а у .

Мемлекеттік органдардың халықты әлеуметтік қамсыздандыру, білім беруді, ғылымды, ақпаратты, мәдениет пен денсаулық сақтауды дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Ақпарат министрлігінің, Мәдениет министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің қызметін жалпы бақылау.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
А.С.Есімов*

Экономиканы жедел басқару, өңірлік саясат, ауылдық аумақтарды дамыту, Қазақстан Республикасының мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру мәселелері.

Мемлекеттік органдардың ауыл шаруашылығын және агроөнеркәсіптік кешенді, жер және су қатынастарын дамыту, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, көші-қон және демография саясаты мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Төтенше жағдайлар, экология, туризм мен спортты дамыту мәселелері.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің, Көші-қон және демография жөніндегі агенттіктің, Туризм және спорт жөніндегі агенттіктің, Статистика жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылау.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
С.М.Мыңбаев*

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын, Тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, инвестициялық саясатты іске асыру мәселелері.

Мемлекеттік органдардың өндірістік саланы, инфрақұрылым мен жаңа

технологияларды дамыту, мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік материалдық резервтер, экспорттық бақылау және жұмылдыру жұмысы мәселелері.

ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қатынастарды үйлестіру, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі мәселелері.

Мемлекеттік даму институттарының (Қазақстанның Даму Банкі, Инвестициялық қор, Инновациялық қор, Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі корпорация және басқалары) қызметін үйлестіру.

Индустрия және сауда министрлігінің, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттіктің, Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттіктің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылау.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Кеңсесінің Басшысы
А.А.Тілеубердин

Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындалуын ұйымдастыру бөлігінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті сақтау, мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің өңірлік саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Үкіметтің облыстар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңсесінің Президент Әкімшілігімен және Парламент палаталары аппараттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.